

Созақ ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 410 "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 31 наурыздағы № 70 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 13 сәуірде № 4037 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37 бабының 8 тармағына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабына сәйкес, Созақ ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Созақ ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 410 "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 3909 нөмерімен тіркелген, 2016 жылы 14 желтоқсанда "Созақ үні" газетінде ресми жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Айдарбековке жүктелсін.

Аудан әкімі

М.Исаев